

Талдықорған қаласының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2009 жылғы 10 желтоқсандағы N 158 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Талдықорған қаласының әділет басқармасында 2009 жылы 29 желтоқсанда N 2-1-110 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2011 жылғы 02 ақпандағы N 226 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2011.02.02 N 226 Шешімімен

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-бабының 2-тармағы, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған Талдықорған қалалық бюджеті 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2010 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) Кірістер – 12533982 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер - 1029072 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 130763 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 109482 мың теңге;
трансферттердің түсімдері – 11264665 мың теңге, оның ішінде:
ағымдағы нысаналы трансферттер - 3884805 мың теңге;
нысаналы даму трансферттері – 4103423 мың теңге;
облыстық бюджеттен субвенциялар – 3276437 мың теңге;
- 2) шығындар – 12809702 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттер - 2552 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 87700 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 87700 мың теңге;
- 5) бюджеттің тапшылығы (профициті) - -365972 мың теңге;
- 6) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 365972 мың теңге;
- 7) қарыздарды өтеу - 17917 мың теңге;
бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 127693 мың теңге.
қарыздар түсімі – 256196 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық

мәслихатының 2010.02.03 N 165 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.14 N 172 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.06.17 N 183 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.08.19 N 190 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.15 N 195 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.06 N 203 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі)

Шешімдерімен.

2. Қалалық бюджетте 2010 жылға дамытуға нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы - 331610 мың теңге;

сумен жабдықтау жүйесін дамыту – 224680 мың теңге;

білім беру объектілерін салу және реконструкциялау - 2515383 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу 642440 мың теңге;

көлік инфрақұрылымын дамыту – 112787 мың теңге;

ағымдағы нысаналы трансферттер:

мектептерді ұстау – 1112109 мың теңге;

салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу – 1969 мың теңге;

ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру - 578 мың теңге;

ветеринария облысындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстау – 1871 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету - 4000 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында "Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу - 91054 мың теңге;

жылу беру желілерін пайдалануын ұйымдастыруға - 98179 мың теңге;
жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың
жекелеген топтарына әлеуметтік көмек 1200 мың теңге
балабақшаларды ұстау - 100516 мың теңге;
коммуналдық шаруашылығын дамыту 66115 мың теңге;
шағын орталықтарды ұстау 2299 мың теңге;
елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру 90930 мың теңге;
елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру 9200 мың теңге;
көп қабатты тұрғын үйлерді орталықтандырылған жылуға қосу 16179 мың
т е ң г е ;

жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық
жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған
сараптама жүргізу 6300 мың теңге;
ветеринария бөлімін ұстау - 3528 мың теңге;
алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан
алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу - 467 мың теңге;
эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу – 5873 мың теңге;
шекараларды белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру – 51500 мың
т е ң г е ;

табысы аз отбасыларына 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік
жәрдемақылар төлеу - 11387 мың теңге;
мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеу – 11500 мың теңге;
тұрғын үй көмегі 31034 мың теңге;
әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту – 28800 мың теңге;
жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейту – 28200 мың теңге;
облыс әкімінің грантына – 20515 мың теңге;
аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың
алдын алу және оларды жою 994700 мың теңге.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық
мәслихатының 2010.02.03 N 165 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа
енгізіледі); 2010.04.14 N 172 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа
енгізіледі); 2010.06.17 N 183 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа
енгізіледі); 2010.08.19 N 190 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа
енгізіледі); 2010.10.15 N 195 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа
енгізіледі); 2010.12.06 N 203 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа
енгізіледі) Шешімдерімен.

3. Қалалық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау
стратегиясын іске асыру шеңберінде 946111 мың теңге сомада ағымдағы
нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін.

3-1) өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту 54395 мың теңге.

Ескерту. Шешім 3-1 тармақпен толықтырылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.06.17 N 183 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); тармаққа өзгерту енгізілді - 2010.10.15 N 195 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.06.17 N 183 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.08.19 N 190 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.15 N 195 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

4. Қалалық бюджетте ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер 2666 мың теңге сомада қарастырылғаны ескерілсін;

Ескерту. 4 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.12.06 N 203 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

5. Қалалық бюджетте еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты облыстық бюджетке аударуға тиіс трансферттер көлемі 238369 мың теңге сомада қарастырылғаны ескерілсін.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.04.14 N 172 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

6. Қалалық бюджетте ұстауға қаржы қарастырылсын: жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер және өкілді, атқарушы органдарға 155611 мың теңге сомасында;

қорғанысқа 1000371 мың теңге сомасында; елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету 34099 мың теңге сомасында;

білім беру мекемелері 5214700 мың теңге сомасында, оның ішінде жалпы білім беру – 2074133 мың теңге;

әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыруға 611483 мың теңге сомасында;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа 4022996 мың теңге сомасында; мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке 190115 мың теңге сомасында;

ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары 181783 мың

т е ң ғ е ;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін атқарушы органдарына 27931 мың теңге сомасында;

көлік және коммуникацияға 751774 мың теңге сомасында;
басқаларға - 372654 мың теңге;
трансферттер – 246185 мың теңге.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.02.03 N 165 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.14 N 172 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.06.17 N 183 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.08.19 N 190 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.15 N 195 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.06 N 203 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

7. Алматы облыстық мәслихатының "Алматы облысының 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" шешіміне сәйкес 2005-2010 жылдарға Қазақстан Республикасындағы білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін қалалық бюджет шығындарында 32912 мың теңге сомада білім беру жүйесін ақпараттандыруға облыстық бюджеттің қаражаты есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылғаны ескерілсін, және республикалық бюджет есебінен: жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға – 143833 мың теңге; бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға – 5541 мың т е ң ғ е ;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 20485 мың теңге.

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілікті арттыру институттарын оқу материалдарымен қамтамасыз етуге – 12039 мың теңге.

Ескерту. 7 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.04.14 N 172 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

8. Қала әкімдігі қаулысымен белгіленетін 2010 жылға кезек күттірмейтін шығындарға және табиғи мен техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін қала әкімінің резерві 16082 мың теңге сомасында бектілсін.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.12.06 N 203 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа

енгізіледі)

Шешімімен.

9. 2010 жылға қалалық бюджеттің атқарылуы барысында жергілікті бюджеттік бағдарламасының секвестрге жатпайтын тізбесі 4 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

9-1) Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламалар) іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлінген, қаланың 2010 жылғы бюджет дамуының бюджеттік бағдарламалар және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту тізбесін 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. Шешім 9-1 тармақпен толықтырылды - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.02.03 N 165 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

10. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізіледі.

Кезекті 20-сессияның

төрағасы

А. Алпысбаев

Қалалық мәслихаттың

хатшысы

М. Бопазов

КЕЛІСІЛДІ:

Қалалық экономика және
бюджеттік жоспарлау

бөлімінің бастығы

Королева Любовь Григорьевна

2009 жылғы 10 желтоқсан

2009 жылғы 10 желтоқсандағы
"Талдықорған қаласының
2010-2012 жылдарға
арналған бюджеті туралы"
N 158 шешіміне
1 қосымша

Талдықорған қаласының 2010 жылғы бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жана редакцияда - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.12.06 N 203 (2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

(мың теңге)			
Санаты			Сомасы
	Сынып		
		Ішкі сынып	
		А Т А У Ы	
		I. Кірістер	12533982
1		Салықтық түсімдер	1029072

4		Меншікке салынатын салықтар	668788
	1	Мүлікке салынатын салықтар	237000
	3	Жер салығы	91388
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	340120
	5	Бірыңғай жер салығы	280
5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	115500
	2	Акциздер	22986
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	13844
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	50670
	5	Ойын бизнесіне салық	28000
7		Басқа да салықтар	46
	1	Басқа да салықтар	46
8		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	244738
	1	Мемлекеттік баж	244738
2		Салықтық емес түсімдер	130763
1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	23374
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	13090
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	7
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	10277
3		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	559
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	559
4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	86902
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	86902
	6	Басқа да салықтық емес түсімдер	19928
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	19928
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	109482
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	36952
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	36952

	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	72530
		1	Жерді сату	70258
		2	Материалдық емес активтерді сату	2272
4			Трансферттердің түсімдері	11264665
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	11264665
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	11264665
Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		
			А Т А У Ы	
			II. Шығындар	12809702
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	155611
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	113312
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13137
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12995
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	142
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	79841
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	74037
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	5804
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	20334
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19728
		023	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	606
	2		Қаржылық қызмет	20509
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	20509
		001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17293
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1969
		019	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	1247
	5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	21790
		476	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	21790
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21460
		003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	330

02			Қорғаныс	1000371
	1		Әскери мұқтаждар	671
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	671
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	671
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	999700
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	999700
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	999700
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	34099
	1		Құқық қорғау қызметі	34099
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	34099
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	34099
04			Білім беру	5214700
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	403403
		471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	403403
		003	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	403403
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2169042
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	1388
		005	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	1388
		471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	2167654
		004	Жалпы білім беру	2074133
		005	Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру	93521
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	2642255
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2515383
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2515383
		471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	126872
		008	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	32912
		009	Ауданның (аудандық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	28833
		010	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1525
		016	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	63602
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	611483
	2		Әлеуметтік көмек	572328

	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	443032
	002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	140443
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	1368
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	20067
	006	Тұрғын үй көмегі	35904
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	38089
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	6974
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	21337
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	35049
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдарымен қамтамасыз етуге және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	45722
	019	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысу үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз ету	4000
	020	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмекті төлеу	94079
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	129296
	012	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	129296
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	39155
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	39155
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33361

		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	5096
		022	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	698
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4022996
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	1278223
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	59452
		002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	56825
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2627
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1218771
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	331610
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	642440
		019	Тұрғын үй салу	244721
	2		Коммуналдық шаруашылық	1542763
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1537763
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	203435
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	336202
		028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	61115
		029	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	224680
		030	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеу және елді-мекендерді көркейту	589623
		032	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту	122708
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	5000
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	5000
	3		Елді-мекендерді көркейту	1202010
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1202010
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	173761
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	71350
		017	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	4032
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	952867
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	190115
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	119776
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	70000
		011	Мәдениет объектілерін дамыту	70000

	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	49776
	009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	49776
2		Спорт	12882
	471	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	12882
	014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	11224
	015	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1658
3		Ақпараттық кеңістік	42813
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	42813
	005	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	7206
	006	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	4388
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	27618
	008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	3601
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	14644
	478	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	14644
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12859
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	210
	004	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	1575
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	181783
	1	Ауыл шаруашылығы	10051
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	9473
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8686
	004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	320
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	467
	476	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	578
	099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	578
6		Жер қатынастары	64030

	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	64030
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10934
	006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	51500
	008	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	1596
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	107702
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	101829
	019	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	101829
	474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	5873
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	5873
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	27931
2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	27931
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11676
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11232
	018	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	444
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	16255
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5695
	003	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	10472
	005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	88
12		Көлік және коммуникация	751774
1		Автомобиль көлігі	560717
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	560717
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	171587
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	389130
9		Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	191057
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	191057
	008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	191057
13		Басқалар	372654
9		Басқалар	372654

		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	16082
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	16082
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	317914
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21554
			014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	296360
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	32358
			001	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	31908
			019	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	450
		476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	6300
			006	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	6300
15				Трансферттер	246185
	1			Трансферттер	246185
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	246185
			006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	7816
			020	Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	238369
Функционалдық топ					
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Кіші бағдарлама	
				А Т А У Ы	
				III. Таза бюджеттік кредиттер	
				Бюджеттік кредиттер	
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	2666
	1			Ауыл шаруашылығы	2666
		476		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі	2666
			004	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	2666

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
				А Т А У Ы	
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	87700
				Қаржы активтерін сатып алу	87700
13				Басқалар	87700
	9			Басқалар	87700
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	87700
			14	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	87700
Санаты					Сомасы (мың теңге)
	Сынып				
		Ішкі сынып			
			А Т А У Ы		
				V.Бюджеттің тапшылығы (профициті)	-365972
				VI.Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	365972
7				Қарыздар түсімі	256196
	1			Мемлекеттік ішкі қарыздар	256196
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	256196
8				Бюджет қаражаттарының пайдалынатын қалдықтары	127693
	1			Бюджет қаражаты қалдықтары	127693
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	127693
Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				А Т А У Ы	
16				Қарыздарды өтеу	17917
	1			Қарыздарды өтеу	17917
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	17917
			008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	114
			021	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	17803

Қалалық мәслихаттың 2009 жылғы
10 желтоқсандағы "Талдықорған
қаласының 2010-2012 жылдарға

арналған

бюджеті

туралы"

N

1 5 8

шешіміне

2 қосымша

Талдықорған қаласының 2011 жылғы бюджеті

(мың теңге)				
Санаты				Сомасы
	Сынып			
		Ішкі сынып		
			А Т А У Ы	
			I. Кірістер	6062748
1			Салықтық түсімдер	685943
	4		Меншікке салынатын салықтар	423726
		1	Мүлікке салынатын салықтар	205485
		3	Жер салығы	97129
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	120916
		5	Бірыңғай жер салығы	196
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	86896
		2	Акциздер	20765
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8240
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	38321
		5	Құмар ойын бизнеске салық	19570
	8		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	175321
		1	Мемлекеттік баж	175321
2			Салықтық емес түсімдер	96049
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6418
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	1268
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5150
	3		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акша түсімдері	21

		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	21
	4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	86520
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	86520
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	3090
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3090
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	53305
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4000
	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	49305
		1	Жерді сату	49305
4			Трансферттердің түсімдері	5227451
	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5227451
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5227451
Функциялық топ				Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		
			А Т А У Ы	
			II. Шығындар	6062748
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	143902
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	105522
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13801
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13651
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	150

		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	72195
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	70195
			004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	2000
